

2. Талаптар Қазақстан Республикасының Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде және бербоут-чартерлік тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүретін кемелерге таралады.

3. Кеменің осы Талаптарға сәйкестігі кеменің мемлекеттік тіркелуі жүзеге асырылған теңіз портының капитаны үш жылғы мерзімге Талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша беретін Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікпен расталады.

4. Кеме экипажының саны осы Талаптарға қоса берілген Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікте көрсетілгеннен кем болғанда, кеме теңізге шығуға жіберілмейді.

5. Жолаушыларға, кемелердің командалық құрамына және кемелік командаға қызмет көрсететін қызметкерлер ең аз құрамға кірмейді.

6. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдайтын кемелердегі ең аз құрамға рефрижераторлық қондырғылар жөніндегі механиктің қызметі кіргізіледі.

Басты дизель-электр қондырғылы кемелердегі ең аз құрамға жолаушылар кемесінде екі электр механигі және басқа үлгідегі кемелерде бір электр механигі кі р г і з і л е д і .

"А" нышаны жоқ, қызмет көрсететін бір немесе екі құралдар мен жүйелер бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын кемелерде ең аз құрам бір теңізші (рульдеуші) - моторшыға арттырылуы тиіс.

"А" нышаны бар, қызмет көрсететін бір немесе екі құралдар мен жүйелер бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын кемелерде ең аз құрам тиісті мамандығы бар бір маманға арттырылуы тиіс.

7. Кеме экипажынсыз пайдаланылатын екі және одан артық кемелерді сүйрегіш кемелермен сүйреуді жүзеге асыру кезінде, сүйрегіш кеме экипажының штатына ең аз құрам нормативтеріне қосымша әрбір екі кемеге қатардағы құрамның бір адамы қосылады.

Ұзындығы 75 метрден артық өздігінен жүретін кемелердің немесе 75 метрден артық құрамның жұмысы кезінде қатардағы құрамның саны кеменің (құрамның) алдыңғы және артқы жағында бір мезгілде арқандап байлауды (арқанды шешуді) қамтамасыз етуі тиіс.

8. Осы Талаптарды есепке ала отырып, кеме иесі кемеге оны пайдалануға дейін берілетін экипаждың штаттық кестесін әзірлейді және бекітеді.

Кеме экипажының ең аз құрамы

талаптарына қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы)

КЕМЕ ЭКИПАЖЫНЫҢ ЕҢ АЗ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілеттігі бойынша, 1974 жылғы Теңіздегі адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның V/14 (2) ережесі шарттарының түзетулерімен және ИМО 1999 жылғы 25 қарашадағы А.890 (21) резолюциясының негізінде берілді.

К е м е т у р а л ы м ә л і м е т т е р

1. Кеменің атауы _____
2. Тіркеу нөмірі немесе шақыру дабылы _____
3. ИМО нөмірі _____
4. Тіркеу порты _____

5 . Ж а л п ы с ы й ы м д ы л ы ғ ы :

(1969 жылғы Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция бойынша) _____

8. Кезеңмен вахтасыз қызмет көрсететін машиналық үй-жай _____

9. Жүзу ауданы _____

Осы құжатта көрсетілген кеме, егер теңізге шыққан кезде бортында төмендегі кестеде көрсетілген саннан және лауазымдардан/персоналдың шендерінен кем емес экипажы бар болса, ол экипажбен толық қамтамасыз етілген болып саналады.

Келесі жағы

Лауазымы/шені	Диплом (ПДМНВ конвенциясының ережесі)	Тұлғалардың саны
Капитан		
Капитанның аға көмекшісі		
Капитанның көмекшісі		
Теңізші		
Аға механик		
Екінші механик		
Электрмеханик		
Механиктер		
Моторшылар		
Радиоэлектроника бойынша капитанның көмекшісі		
Аспазшы		

Кестеде көрсетілген экипаж мүшелерінің біліктілігі мен саны ИМО 1999 жылғы 25 қарашадағы А.890 (21) резолюциясына сәйкес кеменің, адамдардың, жүктің және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Ерекше талаптар немесе шарттар, егер осындайлар бар болса _____

Теңіз портының капитаны берді _____

қолы _____

Мөрі

Берілген күні _____ қолданылу мерзімі _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК